

Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақталған жалпы орта мектебінің кәсіби бағдар беруші педагогы Есдаулет Гүлнаның атқарған жұмыстары туралы

МӘЛІМЕТ

2022-2023 оқу жылы басында жылдық жоспар жасалып, бекітілді. Сол жылдық жоспардан айлық пен апталық жоспар жасалып апта сайын бекітіліп отырады. Жылдық жоспар бойынша атқарылған жұмыстар төмендегіше:

Оқу жылының басы, қыркүйек айында «Кім болғым келеді?» деген тақырыпта 7-8-9-10-11 сыныптардан эссе алынумен басталды. Эссе нәтижесі шығарылып, мониторинг жасалды. 11-сыныптардың ҰБТ-ға дайындық сабақтарына ендім. 9-11 сыныптар арасында «Менің сүйікті мамандығым» тақырыбында дебат өткізілді.



Қазан айында мектеп асханасына саяхат жүргізілді 9-11 сыныптармен. Бастауыш сыныптармен «Мен ұстазымды мақтан етемін» тақырыбында ашықхаттар дайындалды. 9-10-11 сыныптармен оқушылардың кәсіби бағыттылығын анықтауға арналған сауалнама алынды. Соңғы аптада 7-8 сыныптардан кәсіби бағыттылығын анықтауға арналған сауалнама алынды. Айдың соңында «Мамандықты дұрыс таңдау-табысты өмірдің кілті» тақырыбында тренинг сабақ мектеп психологы Джусупова Салтанатпен бірігіп өткізілді.



Қараша айында ҰБТ-ның сынама тесті қорытындысы бойынша 11-сынып оқушыларымен әңгіме жүргізілді. Келесі күні «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында пікірталас өткізілді. «Мамандықты таңдау - болашақты таңдау» тақырыбында кәсіби бағдар бойынша тренинг өтілді.




11-сынып оқушыларына ҰБТ-ға дайындалуға байланысты әдістемелік көмек берілді. «Мамандық – өмір бастауы» кәсіби бағдар бойынша әдістемелік көмек беріліп, тренинг сабақ жүргізілді.



9-10-11 сынып оқушыларын мектептегі стажы бар, тәжірибелі ұстаздармен кездесу ұйымдастырылды.



ҰБТ-ның 2023 жылдағы жаңашылдықтарымен таныстырып өттім. 9-11 сынып оқушыларын «Кәсіп туралы не оқуға болады?» тақырыбында кітапханаға саяхат жүргіздік. 9-11 сынып оқушылары мектеп бітіріп, оқуға түскен студенттердің видеороликтерін тамашалады. 7-8-10 сынып оқушыларынан кәсіби бейімділік сауалнамасы алынды.



Желтоқсан айында 9-11 сыныптардың ҰБТ мен ББЖМ қосымша сабақтарына ендім. 9-11 сынып оқушыларын химия пәні бойынша мамандықтар тізбегімен таныстырып өттім. «Мамандық асыл қазынам» тақырыбында дөңгелек үстел өткіздім.



Қаңтар айында 7-8-9 сынып оқушыларынан «Адам өмірдегі еңбектің рөлі» тақырыбында эссе алынды. Кәсіби бағдар бойынша ата-аналардан сауалнама алынды. «Адам өміріндегі еңбектің рөлі» тақырыбында 10-11 сынып оқушылары эссе жазды. 6-7-8 сыныптармен мамандықтар туралы ақпараттар берілді, мамандық түрлерімен таныстырылды. 8-10 сыныптар аралығында «Мансапқа жетуді жоспарлауда өзін тәрбиелеудің рөлі» тақырыбында сынып сағаттар өткізілді.



Ақпан айында 6-сыныптармен «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында сурет сайысы өткізілді. 11-сынып оқушылары ҰБТ-ның өзгерістерімен танысырылды. «Не? Қайда? Қашан?» тақырыбында викторина ұйымдастырылды.



Оған 9-11 сынып оқушылары қатысты. 6-7-8 сыныптармен жеке – жеке «Мамандыққа саяхат» тақырыбында тренинг-сабақ өтізілді. Оқушылар белсене қатысты. Түрлі мамандықтармен танысты.



Айдың ортасы «Голланд» сауалнамасын 7-8-9-10 сынып оқушыларынан алумен басталды. 6-сынып оқушыларымен «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында сурет байқауы өткізілді.



Айдың соңында «Голланд» сауалнамасының нәтижесімен таныстырылды. 7-8-9-10 сынып оқушылары арасында мамндармен жүргізілген «Мың мамандық бәрі бар, таңдап, талғап бірін ал» тақырыбында байқау өткіздім. Байқуда медбике, кәсіпкер, темір жолшы, мұғалім мамандықтарымен сұхбаттасып, видеоролик дайындап көрсету, сол мамандық бойынша көрініс көрсетумен қатар, сұраққа жауап беру кезеңдері бойынша ұйымдастырылды.



Наурыз айында «Мен ата-анамның кәсібімен мақтанамын» тақырыбында фото көрме ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің ата-аналарының фотоларынан коллаж дайындап, көрмеге қойды.



7-8 сынып оқушыларымен алдын ала бағыт беру аясында диагностика өткізілді. Ата-аналар жиналысы жасалынып, ата-аналарына мандық таңдауға көмек беру бағытында түсіндірме жұмысын жүргізу керектігі ескертілді.



Сәуір айының басын 6-сынып оқушыларынан «Голланд» сауалнамасын алумен басталды. Сауалнама алынып, нәтижесімен таныстырылып, қай типке жататыны айтылды.



11 –сынып оқушыларын Түркістан қаласы, Яссауи (ХҚТУ) университетімен қоса, «Туризм және меймандостық» университеттеріне саяхат жасалды. Оқушылар университеттермен танысты. Көптеген мағлұматтар алды. Университеттің қыр-сырымен танысты.



4-5 сынып оқушыларымен «Өзіңе және адамдарға қуаныш сыйлайтын еңбек» тақырыбында эссе жазды. 1-4 сынып оқушылары «Навигатум-мсамандықтар әлемімен» тақырыбында мультфильм тамашалады. Жұмыстар арасында психологпен бірігіп, психологиялық тренингтер ұйымдастырылып отырды.

Кәсіби бағдар беруші Г.Есдаулет